

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ

ЖАРИЯЛАНДЫ
16.03.2021СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/92188/>

Қоғам мен табиғат арасындағы өзара байланыс бүгінгі таңдағы проблемалардың бастысы болып отыр. Қазіргі уақытта табиғатта және экономикалық дамуда экологиялық тепе-теңдікті сақтау міндеттері өзара байланысты. Өйткені, табиғат байлығын аяусыз сарқа пайдаланып, қоршаған ортаны бейберекет ластаумен экономиканың қалыпты дамуын қамтамасыз ету мүмкін емес. Табиғи-ресурстық әлеуеттің шектеулі екендігін және ғаламдық экологиялық апаттың жылжып келе жатқандығын әлем қауымдастығының жете түсінуі нәтижесінде туындаған тұрақты даму идеясы осынау тығырықтан шығудың жолын іздеуге адамзатты мәжбүр етеді.

Қоршаған ортаны сауықтыруға ықпал етуде және экономиканың тұрақты дамуына жағдай жасауда табиғатты пайдалануды кешенді және үйлесімді түрде қалыптастыру ісі әлем елдерінің алдында тұрған маңызды проблема болып табылады, сондықтан қоғам мен табиғат арасындағы өзара қайшылықтардың кедергісінен өту — өндіріс пен экономиканы экологияландыру болмақ. Осылардың шешімін табу үшін экономика саласындағы мамандардың экономика мен табиғатты пайдалануды ұйымдастыру және экология неіздерінің ауқымындағы білімін талап етеді. Осыған байланысты табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау экология пәндерін оқытуда сабақ беру жүйесін өзгерту қажет.

Экономика қазіргі кезге дейін мемлекеттің байлығы туралы ғылым ретінде қаралып келді: оның жалпы алғанда әл-ауқатты да қамтитынын және сонымен қатар ағарту ғылымы теориясының қазіргі нысанасымен, яғни құндылықтар туралы ұғыммен тығыз ұштасқан оның елеулі бөлігі болып табылатынын көрсетуге тырысады. Ол үшін материалдар онда-мұнда шашылып жатқан осы жаңа ғылымның түр-тұрпатын кескіндеуге ұмтылыс жасалынды. Егер, бір жағынан, осылай иемдену арқылы экономика саласы кеңейетін болса, басқа жағынан, ішкі саясат үшін экономикадан туындайтын әкімшіліктің бастауын бөліп алып, оның шектерін қысқарту керек деп саналады; бұлайша бөліп алу оның әрқайсысы дәл шекараларды айқындап беру тұрғысында екі ғылым үшін де бірдей тиімді.

Қоғамның XX ғасырдағы дамуы экономикалық өмірді ұйымдастырудың екі жолы бар екенін көрсетті. Оның біріншісі – нарықтық экономика, екіншісі – жоспарлы — әкімшілік экономика. Экономикалық қатынасты әртүрлі жолдармен шешеді: өнімді қанша көлемде шығару керек, қоғамдық өндіріс жүйесіндегі және өнімді бөлудегі адамның орны және оның адамгершілік құндылығы.

Нарықтық экономикада бұл қатынастарды нарық реттейді (өнімді шығару, тұтыну, бөлу, оған сұраныс, т.б. Күнделікті өмірде сауда жүретін орындарды да (базар, жәрмеңке) нарық дейді. Нарық – өнім шығарушылар мен өнімді тұтынушылардың, сұраным мен ұсыныстың арасындағы қатынас, олардың өзара тығыз байланысты. Нарықтық экономика ғылыми – техникалық прогресті, өнім өндірушілердің өзара бәсекелесуін және тұтынушылар үшін бәсекеге күресін де өрістетеді. Нарықты тауар ғана жасамайды, сонымен қатар дербестік алып, өзара бәсекеге түскен тауар өндірушілер жасайды. Нарықтық қатынас көп қырлы экономикалық қатынасты ғана емес, сонымен қатар қоғамның саяси — әлеуметтік, рухани өмірін де қамтиды. Нарық қатынастың экономикалық негізі – меншікті мемлекеттен ажыратып, көп түрлі меншікті қалыптастыру. Сонымен қатар тауар өндірушілердің дербестігі, өнімді тұтынушылардың белсенділігі, сұраным мен ұсыныстың арта түсуі. Бұл процестердің бәрі аймақтың, елдің немесе дүние жүзі көлемінде іске асырылады. Бұған дәлел нарықтық қатынаста өмір сүруші дамыған елдердің экономикалық және саяси өмірі. Олай болса, нарықтық қатынас – ғаламдық проблема. Қазір дүние жүзі елдері арасында осы саладағы жарыс қарқын алды. (кім көп шығарады, сапалы шығарады, көп таратады, т.б.).

Жоспарлы — әкімшілдік экономикада өнімді өндіру мен бөлу орталық басқару (үкімет) органдарының билігінде болып келді. Тауарды өндірушілер мемлекеттік жоспарды міндетті түрде орындайды. Кейбір уақыттарда ол өнімді тұтынушылар қажет етпейді. Нарықтық экономикада ұсынысты мемлекет реттемейді (өнім шығарушылар қанша шығарым десе де ерікті), сұранымды да ешкім реттемейді (сатып алушылар өзіне не керек, қанша керектігін дербес шешеді). Ендігі мәселе – баға. Бағаны да сырттан ешкім реттемейді. Оны сұранысқа және ұсынысқа сәйкес өнімді шығарушының өзі шешеді. Сонымен, ұсыныс пен сұраным теңдестіріледі. Осы белгілерге қарай халық шаруашылығын нарық реттейді.

Нарықтық қатынастың өзіне тән объективтік – экономикалық екі заңы бар: баға заңы, ұсыныс және сұраным заңы. Біріншісі – орта бағаны қалыптастырады, екіншісі – нарықты пайда болатын ақша мен тауардың қатынасын анықтайды. Тауар нарыққа (базарға, жәрмеңкеге, екінші бір тұтынушыға, мемлекетке, не басқа өндіріске) түскеннен кейін оның бағасы ақшамен өлшенеді, оны тауардың бағасы дейміз. Алайда тауардың ақшалай көрініс тапқан бағасы оның нағыз бағасы емес. Бұл баға тауардың құнынан жоғары немесе төмен болуы мүмкін. Бұл сұраным

мен ұсынымға байланысты. Егер де сұраным ұсыныстан жоғары болса (алушылар көп, бірақ тауар аз) – тауардың бағасы жоғары болады. Ал ұсыныс сұранымнан жоғары болса, онда баға төмендейді. Тауар құнының мөлшеріндегі алшақтық тауар өндірушінің іс-әрекетіне әсер етеді. Егер баға жоғары болса табыс көп, ал баға төмен болса табыс аз болады. Мысалы, жеміс – жидекке баға өссе, оның өнімі тиімді, ол өнімді көп алуға итермелейді. Ал сұраным артпаса, баға төмендейді. Демек, сұраным да, ұсыныс та бағаны реттейді. Тауар өндіруші тиімді көп шығару жолын іздейді. Сонымен нарық — өндірісті реттеуші, ол баға арқылы, не шығару, оны қанша көлемде шығару қажеттігі туралы хабар беріп тұрады. Нарықтың ықпалды әсері мұнымен ғана шектелмейді. Оның толық әсерін білу үшін тауардың өзіндік құнын қаншаға түсетінін анықтап білу керек.

Құн – тауардың заттандырылған бағасы. Кез – келген тауарда бір ғана емес, көптеген өндірушілердің еңбегі бар. Бұған да түсінік берейік. Мысалы, киім фабрикасы бір топ көйлек шығарады делік. Осы көйлектерде тігіншілердің ғана еңбегі емес, сонымен қатар сол көйлек тігілген матаны, ілгекті, басқа да материалдарды (айталық, электр энергиясы, т.б.) шығарушылардың да еңбегі бар. Екінші сөзбен айтқанда, жаңа баға ғана емес, тігіншілердің еңбегімен келген, сонымен қатар бұрын шығарылған заттардың да (шикізат, электр шығыны, машинаны пайдалану) шығыны, оның тозу шығынының бағасы – құны бар. Фабрика жаңадан көйлек шығару үшін алғашқы шығарылған көйлектерді сату керек, алынған пайдаға жаңа мата, басқа да материалдар алып, машиналарды жөндеп, қажет болса жаңасын алып, сонымен қатар жұмысшыларға жалақы төлеуі керек. Нарықта сұраным ұсыныстан жоғары болса, баға өз құнынан төмен болады. Егер де сол шығарылған көйлектерді 150 мың теңгеге сатса, онда пайда болмайды. Алынған қаржы кеткен шығынды ғана ақтайды.

Басқа жолмен пайда табуға бола ма? Болады. Мысалы, көйлектерді тігуге кететін материалдарды үнемдеу керек. Егер де оның құны 20 мыңға кемісе, онда пайда да 20 мыңға өседі. Екінші жолы – еңбектің өнімділігін арттыру. Ол үшін — жаңа машиналарды пайдалану қажет соның нәтижесінде тігілетін көйлектің санын екі есеге көбейтсе және орташа бағамен сатса, онда 400 мың теңге алуға болады. Сонда оның 200 мыңы өндірістің шығынын өтеуге, 50 мыңы жалақы төлеуге кетеді, ал 150 мыңы таза пайда болып қалады.

Бұдан шығатын қорытынды — шаруашылықтың тиімсіздігін азайту, тезниканы дамыту, еңбек өнімділігін арттыру керек. Істі тиімсіз жүргізу, еңбек өнімділігінің төмендігі өндірісті ұйымдасушының қажетсіздігіне апарып соғады (пайда төмен) немесе түбінде тоқтатады (банкротқа ұшыратады). Жоспарлы экономикада да өндіріс осылай ұйымдастырылған жоқпа еді деген сұрақ тууы мүмкін. Ол дұрыс. Айырмашылық мынада – ол кезде өндірістің дербестігі болмады, екі жүз мың теңгенің көйлегі өтсе де, өтпесе де, фабрика оны жоспар бойынша қайталап

шығара беретін. Шығынға ұшыраса, оны мемлекет төледі. Сондықтан фабрика ештеңеден қам жемейді, еңбек өнімділігін арттыруға, шикізатты кемітуге ынталанбайды. Ал нарыққа өткен елдерде оның шығынын ешкім өтемейді, пайда таппайтын, шығынын өтей алмайтын зауыт та, фабрика да тарайды. Сондықтан нарық тек қана тиімді жұмыс істеуге мәжбүр етеді.

Нарықтық экономикада еңбек және капитал нарығы да болады. Еңбек нарығының да (тауар нарығы сияқты) үш белгісі бар: сұраныс, ұсыныс, баға. Мұнда да сатылады және сатып алынады. Арнаулы тауар – жұмысшы күші сатылады. Мұнда да сұраным мен ұсыным қатынасы әсер етеді. Егер де белгілі кәсіптің мамандары көп болса (айталық бір салада, зауыттарда), оның қажеттігі аз болады да, оларға жалақы аз төленеді, қайсібіреулері жұмыссыз қалады. Керісінше, кәсіп саласына немесе шаруашылыққа мамандар көп қажет болса, ал еңбек нарығында сондай мамандар аз болса, шаруашылық оларды көп жалақы беріп ұстауға мәжбүр болады. Алайда нарықтық экономика мұндай мұқтаждықпен келіспейді. Еңбек нарығына тез арада ондай мамандары дайындайды, оларға жалақы төлейді. Ал жоспарлы экономика кезінде кәсіпке қажетті оның иелерін іздеді, дайындады. Бірақ арнаулы кәсіп иелері (аздығына қарамастан) қажет болса да аз, жоғарыдан белгіленген жалақыны ғана алатын болады. Сондықтан оның еңбекке ынтасы жойылады.

Белгілі бір елдің экономикалық жағдайына байланысты сол елдің ақшасы – валютасы басқа бір елдің валютасына белгілі бір қатынаста айырбасталады. Ақпарат нарығында ғылыми – техникалық революция білімнің құндылығын арттырады. Тауардың бағасында интеллектінің үлесі үнемі артып отырады. Сондықтан іс-әрекеттің тәсілі туралы, жаңа технология туралы ілімді, ақпаратты сату және сатып алу тиімді. Соның негізінде ақпарат нарығы дамиды. Нарыққа тән қасиет – белгілі таукар өндірушілер арасындағы тауарды шығару және өткізудің тиімділігі үшін бәсеке (конкуренция). Бұл бәсекеде еңбек өнімділігін арттырғандар, өндірісті кеңейткендер, тауардың сапасын жақсартқандар ғана жеңіп шыға алады. Тұтынушы жеңу үшін өнімнің сапасын жақсартады, сонымен қатар бағасын арзандатуды да көздейді [3,122-124б]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Кенжеғозин М.Б. “Экономика”,2-том. Алматы, 2006. 437бет.
- 2.Қалдыбаев О., Теміров Е. “Нарықтық экономикалық анықтамалық”. Алматы : “Бастау”, 1993. 295бет.

3. Бейсенова А., Шілдебаев Ж. “Экология және табиғатты тиімді пайдалану” Алматы: “Ғылым”, 2004. 325бет.
4. Мамыров Н.Қ. “Табиғатты пайдалану экономикасы”. Алматы, 2005. 367бет.
5. 5. Үпішев Е.М., Мұқаұлы С. “Табиғатты пайдалану экономикасы”. Алматы, 1999. 269бет.
6. 6. Мейірбеков А.Қ., Әлімбетов Қ.Ә. “Кәсіпорын экономикасы” Алматы: “Экономика”, 2003. 251бет.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.